


«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ		НАО «Казакский национальный женский педагогический университет»
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ ДЕПАРТАМЕНТІ		ДЕПАРТАМЕНТ ПОСЛЕВУЗОВСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ
ЕРЕЖЕ		ПОЛОЖЕНИЕ
1 РЕДАКЦИЯ		РЕДАКЦИЯ 1

«БЕКІТІЛДІ»  
«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ Ғылыми кеңес отырысының шешімімен  
«05» сәуір 2024 жыл №7-1 хаттамасы

**БЕЙІНДІК МАГИСТРАТУРАНЫ БІТІРГЕН ТҰЛҒАЛАР ҮШІН  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БЕЙІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ  
БОЙЫНША ОҚЫТУ ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ**

**Е 025 БМБТПБББББО/ЖООКБД-24**

Тірк. № 24

Дана № түркісуда

Енгізу күні 11.04.2024ж.

(күні, айы, жылы)

**Алматы қ., 2024 жыл**

ҚазҰлтҚызПУ ішкі пайдалану құжаты. Құжатты рұқсатсыз пайдалануға тыйым салынады

**МАЗМҰНЫ**

1	Жалпы ережелер	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Терминдер мен анықтамалар	3
4	Бейіндік магистратураны бітірген тұлғалар үшін педагогикалық бейіндегі білім беру бағдарламасы бойынша оқыту тәртібі	3
5	Педагогикалық бейіндегі білім беру бағдарламасы бойынша оқытуға жауапты құрылымдардың функциялары	4
	Қосымшалар	6,7
	Келісу парағы	8
	Танысу парағы	9
	Өзгерістерді тіркеу парағы	10

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Ереже «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КЕАҚ жоғары оқу орнынан кейінгі білім Департаментінде (бұдан әрі - Қоғам) бейінді магистратураны бітірген тұлғалар үшін педагогикалық бейіндегі білім беру бағдарламасы бойынша оқыту тәртібін (бұдан әрі — Ереже) айқындайды.

1.2. Ереже Қоғамның нормативтік құжаттамасының құрамына кіреді және оның талаптары Қоғамның барлық бейіндік магистратураны бітірген магистранттары үшін міндетті болып табылады.

## 2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1. Ереже келесі нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес әзірленді:

- «Білім туралы» ҚР Заңы;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім Министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары (бұдан әрі — МЖМС).
- «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КЕАҚ профессор-оқытушылар құрамы орындайтын педагогикалық жүктеме көлемін есептеу үшін уақыт нормасы туралы Ереже.
- Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру туралы ереже (магистратура)

## 3. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

3.1. Ережеде келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

**ЖОО компоненті (бұдан әрі — ЖООҚ)** — білім беру бағдарламасын игеру үшін ЖОО дербес айқындайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемдерінің тізбесі.

**Таңдау компоненті (бұдан әрі – ТК)** - оқу пәндерінің және жоғары оқу орны ұсынатын академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемдерінің тізбесі, олардың пререквизиттері мен постреквизиттерін ескере отырып, кез келген академиялық кезеңде білім алушылар дербес таңдайды.

**Білім беру бағдарламасы** - оқытудың мақсаттарын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемдерін қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені.

**Тыңдаушы** - қосымша білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша білім беру ұйымдарында және дайындық бөлімінде оқитын тұлға.

## 4. БЕЙІНДІК МАГИСТРАТУРАНЫ БІТІРГЕН ТҰЛҒАЛАР ҮШІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БЕЙІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ОҚЫТУ ТӘРТІБІ

4.1. Бейіндік магистратураны бітірген Магистр педагогикалық бейіндегі магистратураның білім беру бағдарламасын (бұдан әрі — БББ) қосымша меңгергеннен кейін педагогикалық қызметке жіберіледі.

4.2. Бейіндік магистратураны бітірген тұлғалар үшін педагогикалық

бейіндегі БББ Қоғамның жоғары оқу орнынан кейінгі білім Департаментінің (бұдан әрі —ЖООБД) базасында іске асырылады.

4.3. БББ бойынша оқуға тыңдаушыларды қабылдау күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады.

4.4. Оқыту күндізгі түрде жүргізіледі (**оффлайн**).

4.5. БББ бойынша оқуға түсетін тұлғалар мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) білім туралы құжаттың көшірмесі;
- 4) 3x4 см өлшемді 2 фотосурет

4.6. Тыңдаушыларды қабылдау Қоғамның Басқарма Төрағасы - Ректордың бұйрығымен жүзеге асырылады.

4.7. Бейінді магистратураны бітірген тұлғалар үшін педагогикалық бейіндегі БББ мазмұны МЖМС 5-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

4.8. Бейіндік магистратураны бітірген тұлғаларға арналған педагогикалық бейін бағдарламасы кемінде 30 академиялық кредиттен тұрады.

Базалық пәндер циклінің міндетті пәндері (педагогикалық практиканы қоса алғанда 12 кредит) «Ғылым тарихы мен философиясы», «Жоғары мектеп педагогикасы» болып табылады.

Бейіндеуші пәндер циклі (10 кредит) және БП таңдау компоненті (8 кредит) университет кафедралары ұсынатын және тыңдаушылар өз бетінше таңдайтын оқу пәндерін меңгеруді қамтиды.

4.9. Оқу үдерісінен қол үзбей теориялық оқыту кезеңінде оқытудың практикалық дағдылары мен әдістемесін қалыптастыру мақсатында педагогикалық практика жүргізіледі. Практиканың ұзақтығы - 4 апта.

Практикалардың ұзақтығы 30 сағатқа (5 күндік жұмыс аптасы кезінде күніне 6 сағат) тең апта ішінде білім алушының практикада жұмыс істеуінің нормативтік уақытына сүйене отырып, апталармен айқындалады.

Университеттің бітіруші кафедралары магистрантты даярлау бағыты бойынша педагогикалық практиканың ұйымдастырушысы болып табылады. Тәжірибе қорытындысы бойынша тиісті кафедраға есеп беріледі. Есепті қорғау нәтижелері бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаланады.

4.10. БББ меңгеру оқытылған пәндер бойынша емтихандар нысанында қорытынды аттестаттаумен аяқталады.

4.11. Педагогикалық бейіндегі магистратура БББ бітірген бейіндік бағыттағы магистрге осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес негізгі дипломға тиісті куәлік беріледі.

## **5. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БЕЙІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ОҚЫТУҒА ЖАУАПТЫ ҚҰРЫЛЫМДАРДЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ**

5.1. ЖООБД осы Ереженің 4.5-тармағында көрсетілген тыңдаушылардың құжаттарын белгіленген нысандағы журналға тіркейді, тыңдаушылардың жеке істерін жинақтайды, тыңдаушымен ақылы білім беру қызметін көрсету туралы шарт,

сабақ кестесін жасайды, бұйрықтардың жобаларын қалыптастырады.

5.2. БББ пәндерінің еңбек сыйымдылығын есептеу туралы ЖООБД директорының қызметтік хаты келіп түскен күннен бастап үш күн ішінде педагогикалық бейін БББ шеңберінде академиялық сағаттардағы, академиялық кредиттердегі базалық және бейіндік пәндер циклдарының пәндер көлемін айқындайды.

5.3. Қоғамның бухгалтерлік есептілік департаменті бағдарлама тыңдаушылары үшін ақылы білім беру қызметтерінің құны туралы ЖООБД директорының қызметтік хаты келіп түскен күннен бастап үш күн ішінде оқу құнының есебін жасайды.

5.4. Кафедраның бағдарлама көшбасшылары ЖООК, ТК пәндерін анықтайды, негізгі, бейіндік пәндер циклдері және педагогикалық практика пәндері бойынша оқытушыларды бейіндік магистратураны бітірген тұлғалар үшін педагогикалық бейіндегі БББ бойынша оқытуды ұйымдастыру туралы ЖООБД директорының қызметтік хаты түскен күннен бастап үш күн ішінде тағайындайды.



Басқарма Төрағасы – Ректордың  
"\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.  
бұйрығымен бекітілген бейіндік  
магистратураны бітірген тұлғалар  
үшін педагогикалық бейіндегі  
білім беру бағдарламасы бойынша  
оқыту туралы Ережеге  
Қосымша 1

Басқарма төрағасы –  
ректор Г.Қанайға  
бейіндік бағыттағы  
магистратура түлегі

\_\_\_\_\_  
тегі, аты, әкесінің аты

\_\_\_\_\_  
(БББ атауы, бітірген жылы)

\_\_\_\_\_  
туған күні

\_\_\_\_\_  
мекенжайы

\_\_\_\_\_  
байланыс телефоны

\_\_\_\_\_  
e-mail

### Өтініш

Мені бейіндік бағытты бітірген тұлғалар үшін ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратураның білім беру бағдарламасының тыңдаушысы ретінде ақылы негізде қабылдауыңызды сұраймын

\_\_\_\_\_  
(білім беру бағдарламасының коды/атауы)

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ г.  
(күні)

\_\_\_\_\_  
(колы)

Басқарма Төрағасы – Ректордың  
 "\_\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.  
 бұйрығымен бекітілген бейіндік  
 магистратураны бітірген тұлғалар  
 үшін педагогикалық бейіндегі  
 білім беру бағдарламасы  
 бойынша оқыту туралы Ережеге  
 Қосымша 2

*магистр дипломына*

**КУӘЛІК**

№ \_\_\_\_\_

(сериясы)

Осы куәлік \_\_\_\_\_  
 (білім беру бағдарламасының коды/атауы)

білім беру бағдарламасы бойынша бейіндік магистратураны бітірген \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ берілді.

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Ол \_\_\_\_\_ жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_ жылғы  
 « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ аралығында \_\_\_\_\_

(жоғары оқу орнының толық атауы)

\_\_\_\_\_ білім беру бағдарламасы бойынша педагогикалық бейінді пәндерінің циклын келесі академиялық көрсеткіштермен меңгерді:

№ р/с	Пәндердің атауы	Кредиттер саны	әріптік	баллдық

және практикадан өтті:

Практиканың атауы	Кредиттер саны	әріптік	баллдық







Осы куәлік ғылыми және педагогикалық қызметпен айналысуға құқық береді.

**Басшы**

**М.П.**





« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ г.

## КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Лауазымы	Аты-жөні	Күні	Қолы
Әзірледі: Академиялық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы	Ж.Бәкірова	08.04.2024	
Келісілді: Ғылым департаментінің директоры	М.Абдраймова	08.04.2024	
Басқарма мүшесі - Ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор	З.Джумакулов	08.04.2024	
Заң бөлімінің басшысы	М.Маханов	08.04.2024	
Бухгалтерлік есептілік департаментінің бас бухгалтері	А.Нысанбаева	08.04.2024	
Экономикалық жоспарлау бөлімінің басшысы	С.Мурат	08.04.2024	



## ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

№	Аты-жөні	Лауазымы	Күні	Қолы
1	Бақирова Т. Т.	АқБ басшысы	09.04.24	
2	Айсатова С. Б.	аға менеджер	09.04.24	
3	Бейсенгалиева С. А.	аға менеджер	09.04.24	
4	Сенсиді Ақман	менеджер	09.04.24	

**ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ**

№ өзгерістер	Өзгертуге жататын бөлім, тармақ	Өзгерту түрі (ауыстыру, күшін жою, толықтыру)	Өзгерту үшін негіз	Өзгеріс енгізілді		
				Күні	Аты-жөні	Қолы